

А. Б. Нурмағамбетов, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция подполковнигі;

С. Ж. Басымов, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының магистранты, полиция аға лейтенанты

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ЖОЛ БЕРЕТІН СЕБЕПТЕРДІ ЖОЮДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада діни экстремизмнің Қазақстандағы қазіргі ахуалына қысқаша шолу жасалынды, аталмыш дертке қарсы шеп құруды, қарсы күресті тиімді оңтайландыру жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: терроризм, экстремизм, қарсы күрес, жолын кесу, алдын алу.

2015 жылғы мәліметке сәйкес дүние жүзі бойынша терроризмнен зиян шеккендердің саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 80 пайызға дейін өсіп жалпы 32.658 адамды құрады (2013 жылы — 18.111 адам). Бұл соңғы 15 жылдағы террористік белсенділіктің ең үлкен көрсеткіші болып табылады [i]. Осындай мәліметтерді көрсете отырып шетелдің Бейбітшілік және экономика институты (The Institute for Economics and Peace) Мэриленд Университетімен (University of Maryland) біріге отырып «2015 жылғы Терроризмнің глобалды индексі» (The Global Terrorism Index 2015) жариялады. Бұл көрсеткіште әлемнің 162 елі зерттеліп олардың терроризм деңгейіне қатысты рейтингілері құрылды. Аталмыш ұйыммен мұндай көрсеткіштерге қатысты зерттеулер 2002 жылдан бері жүргізіліп келеді.

Зерттеудің авторлары терроризмді «заңсыз ұйымдардың өздерінің саяси, әлеуметтік, діни мақсаттарына қол жеткізу үшін шынайы түрде күш қолдануы, үрей туғызып қорқыту», — деп анықтайды. Аталмыш зерттеу соңғы 14 жылда жиналған 100 мыңнан астам террористік актілер туралы мәліметтерді қамтитын ең ірі ақпараттық базасы бар — Мэриленд штатының Университеті жанындағы Терроризмді зерттеу бойынша ұлттық консорциумның глобалды базасына негізделіп жүргізілген. Терроризмнің глобалды индексі белгілі бір елдің террористік белсенділігінің деңгейін төрт критерий арқылы өлшейді:

1. Террористік оқиғалардың саны.
2. Қаза болғандардың саны.
3. Жәбір көргендердің саны.
4. Материалдық залалдың деңгейін.

Сонымен қатар, Индексті дайындау барысында террористік белсенділікке байланысы бар басқа да факторлар талданады.

Биылғы зерттеуде 2014 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықтағы жалпы планетадағы тұрғындардың 99,6 % құрайтын 162 елдің террористік белсенділіктері туралы мәліметтер талданған. Террористік оқиғалардың санын, қаза болғандар мен жәбір көргендердің санын және орын алған материалдық залалдың деңгейін ескере отырып терроризмнен едәуір зиян шеккен елдердің алғашқы бестігі — Ирак, Афганистан, Нигерия, Пакистан және Сирия. Бұл елдердің үлесіне дүние жүзі бойынша орын алған террористік оқиғалардың 57 % тиесілі, ал осы себеппен қаза болған адамдардың 78 % тиесілі. Онымен қоса, аталған елдердің ішіндегі ең көп террористік оқиғалардан зардап шеккені — Ирак. Бұл елде 3370 террористік шабуылдар орын алған, олардан 9 929 адам қаза тапқан. Әрмен қарай Индия, Йемен, Сомали, Ливия, Таиланд, Филиппин және Украина. Бұл елдерде де террористік белсенділіктің жоғары дәрежесі анықталған. Қазақстан бұл рейтингтің 83 орнын иеленді [ii]. 2011 жылмен салыстырғанда Қазақстан өзінің көрсеткішін 35 позициясына дейін

жақсартты (1 сурет). Нақтырақ айтсақ, 2010 жылы— 104 орын, 2011 жылы— 48 орын, 2012 жылы— 53 орын, 2013 жылы— 65 орын, 2014 жылы — 83 орын.

Зерттеушілердің пікірінше, террористік шабуылдардың басты себептері ретінде саяси тұрақсыздық, әртүрлі әлеуметтік топтардың өзара алауыздықтары және адамдардың құқықтарының жаппай бұзылуы танылған. Сонымен қатар соңғы жылдардың басты ерекшелігі — діни терроризмнің кең таралуы [iii].

1 сурет [iv]



Пайымдауымызша, ислам дінін жамылған террористік ұйымдардың пайда болуының себебі — олардың ислам елдерінен шығуы. Ұранын «Аллаһу Акбар» деп бастаған террористік сарбаздар бүкіл әлемге ислам дінінің қатігез дін ретінде ұғындыруда. Сонымен қатар, жалған діни ғалымдар өздерінің зұлымдық жасауға жол ашатын өтірік пәтуаларын шығарып, оларды интернет желілері арқылы жариялап көп адамдардың санасын «уландыруда».

Жаңазеландияның Бейбітшілік пен қақтығыстарды зерттеу бойынша Орталықтың директоры Кевин Клементстің айтуынша, бүкіл әлем бойынша террористік нысандардың басым көпшілігі қарапайым азаматтарға (29 %), үкіметтік ұйымдарға (17 %) және құқық қорғау органдарына (14 %) қарсы бағытталған. Бір қызығы, әскери объектілер мен қарулы күштердің өкілдері тек 4 % ғана террористік нысандар ретінде анықталған. Ал, діни қызметкерлердің 3 % көлемінде террористік шабуылдардан зардап шеккен. Сарапшылардың басым бөлігі террористік актілер экономикалық тұрғыда кіріс көлемі төмен елдерде орын алатындығына сенімді, алайда орын алған террористік актілер кірісі орта есеппен жоғары елдерде (Ресей, Түркия) кірісі төмен елдерге (Афганистан, Сомали, Нигерия) қарағанда 50 % жоғары. Яғни, бұл террористік шабуылдардың қозғалтқыш күші — кедейлік екендігін білдірмейді және кірісі орта есеппен жоғары елдерде террористік актілер мүлде болмайды дегенге ешбір кепілдік бермейді.

Зерттеу барысында қызығушылық тудыратын бір жәйт анықталды — террористік шабуылдардан көбінесе гибриді режимді мемлекеттер жапа шеккен. Гибриді режимді мемлекет — демократиялық және авторитарлық режимдердің бірдей жүргізілетін ел деп түсінуге болады. Гибриді режимді елдерде жалпы террористік актілердің 46 % орын алған, ал жалпы жәбір көргендердің 60 % көлемі осы мемлекеттердің үлесіне енеді. Сонымен қатар, жүргізілген талдаулар террористік шабуылдардың басым бөлігі елде болып жатқан қақтығыстар жағдайында орын алады [v].

Мысалы, Ресейде Шешеністан соғысынан бері шешен халқының Ресей үкіметіне деген ішкі алауыздығы сақталып қалған секілді. Себебі, Ресейде болған террористік актілердің

барлығы дерлік шешен ұлтты азаматтардың қатысуынсыз өтпеген. 2002 жылы Дубровкадағы «Норд-Ост» мәдениет үйінде орын алған террористік әрекеттердің салдарынан 130 адам көз жұмған. Бұл оқиғаға жауапты Шешен елінен шыққан террорист Мовсар Бараев танылған [vi]. 2004 жылы Бесланда орын алған террористік әрекеттердің салдарынан 344 адам қаза тапты, оған жауапты Шамиль Басаев танылды [vii]. Осы жылы Мәскеудің қалалық соты ағайынды шешен ұлтты Алихан және Ахьяда Межиевтерді, Аслан Мурдаловты және Ханпашу Собралиевті Мәскеудің оңтүстік-батысында «Макдональдс» дүкенінің алдында автокөлікті жарып жібергені үшін әрқайсысын 15 жылдан 22 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі үкім шығарды [viii]. Сонымен қатар, 2010 жылы Мәскеудің метросының «Лубянка» және «Мәдениет саябағы» стансаларында болған жарылыстарға жауаптылықты Доку Умаров алды. 2013 жылы Ресейдің Волгоград қаласында автобустың ішінде өзін-өзі жарып жіберген әйел Наида Асиялова, ұлты шешен екендігі анықталды [ix].

Ал, Шығыс Украинадағы соғыс және Қырым түбегіндегі оқиға да өз ерекшелігімен тарихта белгіленді. Қырым халқы Ресейге қосылу туралы бір дауыспен халықтық референдум жариялап көпшіліктің басым даусымен өз мақсаттарына қол жеткізді. Мұндай оқиға заманауи кезеңде күтпеген ерекше жағдай ретінде танылды. Бұл басқа көршілес елдерге ойлануға берілген белгі. Қазақстанның осы контекстте жағдайы және болашағы қандай деген сұрақ туындайды. Статистикаға назар аударсақ жағдайдың алаңдататындығы көрінеді. Әсіресе, Қостанай мен Солтүстік Қазақстан облысы. Қостанайда жалпы қазақтардың саны 341411 адам болса, орыстардың саны 371019 адам (украиндар 78440 адам). Солтүстік Қазақстан облысында қазақтар 196872 адам болса, орыстар 287562 адам (украиндар 26093 адам). Сонымен қатар Қостанай да Солтүстік Қазақстан облысы да Ресейдің шекарасында орналасқан. Бұл елді мекендерде қазақтардың санының кем болуы Қазақстанның тұтастығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Оған қоса Қазақстанда сепаратистік әрекеттерді жоққа шығаруға болмайды. Сепаратистік қозғалысты тудыратын жағдай — ұлт аралық алауыздық. Оған шетелдердің арнайы қызметкерлерінің жасауы мүмкін әрекеттерін де ескеру қажет.

Қазақстанда ұлтаралық алауыздықты қоздырудың бірқатар оқиғалары анықталды. Осы жағдай бойынша жауаптылыққа тартылған Т. Шевцова-Валова, Е. Вдовенконың ұлтаралық алауыздықты қоздыру әрекеттері, Ресей саясаткерлері Э. Лимоновтың, В.Жириновскийдің, В. Штыгашевтің Шығыс Қазақстанды Ресейге қосу қажеттілігі туралы жариялаған мәлімдемелері, [x] Алматыда пайда болған «Славянское братство Казахстана» [xi] ұйымы, Е. Тайчибековтың [xii] әлеуметтік желілердегі үндеулері мәселенің күрделі екендігін куәландырады. Өйткені сепаратизм — терроризмнің түпкі тамыры, ал экстремизмнің басы (белгілері) болып табылады.

Қазақстанда экстремизм мен терроризмді алдын алу үшін оларға жол беретін себептермен күрес жүргізу қажет. Анықталған белгілерді ескеріп дер кезінде алдын алу шараларын қолдану тиімді, әрі мақсатқа лайықты болып табылады.

Сонымен қатар, елдегі саяси тұрақтылығының бекем болуына, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қатаң сақталуына, қоғам мен ұжымдардың наразылығын тудыратын мән-жайларды жоюға бағытталған және ішкі топтардың ынтымақтастығына септігін тигізетін әрекеттерді жасау терроризмнің түбегейлі жойылуына әкелетін негізгі қадамдардың бірі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- i. The Global Terrorism Index 2015 // <http://counter-terror.kz/ru/article/view?id=3601>. 10.01.2016ж. сағ.12.40
- ii. The Global Terrorism Index 2015 // www.economicsandpeace.org 11.01.2016 ж. сағ.16.10

-
- iii. Глобальный рейтинг терроризма // <http://www.hayweb.ru/news/politics/4431-globalnyy-reyting-terrorizma-2015-goda.html>. 14.01.2016ж. сағ. 09.30
- iv. The Global Terrorism Index 2015// <http://www.visionofhumanity.org/#page/indexes/terrorism-index/2014/KAZ/OVER..>
11.01.2016ж. сағ. 18.15
- v. <http://economicsandpeace.org/wp-content/uploads/2015/11/2015-Global-Terrorism-Index-Report.pdf>
- vi. РИА новости // <http://ria.ru/spravka/20151023/1305641188.html>
- vii. Терроризм в России // <http://www.calend.ru/event/4284/>
- viii. РИА новости // <http://ria.ru/justice/20111220/521791201.html>
- ix. РИА новости // <http://ria.ru/spravka/20131229/987132908.html>
- x. РИА новости // <http://flashpress.kz/blog/flash/66421.html>
- xi. Сепаратисты Новороссии объявились в Алматы // <http://newtimes.kz/obshchestvo/item/10041-separatisty-novorossii-ob-yavilis-v-almaty>
- xii. Тайчибеков осужден // <http://www.altyn-orda.kz/ermek-tajhibekov-osuzhden-na-chetyre-goda-tyurmy/>

Резюме

В статье рассматриваются некоторые проблемы противодействия терроризму и экстремизму.

Resume

This article discusses some of the problems of counteraction to terrorism and ekstremizmu